

«Бекітілді»
№4 «Бәйтерек» бөбекжай-бақшасының
менгерушісі Б.Ж.Хисамиденова
№1 педагогикалық кеңесте
31 тамыз 2021 жыл



«Мектеп жасына дейінгі бағалардың тілін дамытуда дидактикалық ойынның маңызы»
Ересек №1 «Жұлдыз-ай» тобы
(вариативтік компонент)

Түсіндірме хат

Тәрбие мен білім үнемі бірге жүретіні бәрімізге мәлім. Мектеп жасына дейінгі балаларды дамыту мәселесі мемлекеттік саясаттың ажырамас бөлігі болып отыр. Егемен еліміздің талабына сай мектепке дейінгі тәрбие мен білім беру, қазіргі заманға сай білімді де тәрбиелі ұрпақ тәрбиелеу – білімді, жан-жақты тәрбиешілердің еншісінде. Заман өзгерген сайын әдіс-тәсілдер көбейіп, жаңарып, толығып жатыр. Балалардың тілін дамытуды, қызықты үйрету үшін жаңа әдістер мен технологияларды өз тәжірибемізде қолдануға ізденеміз. Жаңа технологияны, әдіс-тәсілдерді тиімді қолдану үздіксіз тәрбие беру мен білім сапасын арттырады.

Баланың тілін дамытыта отырып, 4к моделі бойынша ойынды үш топқа бөліп қарастыруға болады:

- педагогтің жетекшілігімен жүргізілетін ойын;
- құрылымдалған ойын;
- еркін ойын.

1. Педагогтің жетекшілігімен жүргізілетін ойында педагог ойынға қажетті материалдармен балаларды қамтамасыз етіп, ойынды бастап береді немесе ойынды бағыттау не баланы бағдарлау үшін ойынға қосылады.

2. Құрылымдалған ойын барысында әдетте балаға қашан және не істеу керектігі жөнінде нұсқаулар беріледі. Құрылымдалған ойынның/тапсырманың нақты аяқталу кезеңі болуы ойын барысында өрбуі мүмкін әртүрлі нұсқалар санын шектейді. Бұл баланың ойынды қабылдауын жеңілдетеді. Сонымен қатар ойынның айқын құрылымы балаға ойынның ақырғы нәтижесіне жету үшін қандай қадамдар мен іс-әрекеттерді орындау қажет екендігін түсінуге мүмкіндік береді.

Құрылымдалған ойынның ерекшеліктері балалар үшін алаңсыз ойнауға жағдай жасалған ойын/оқу ортасын қамтамасыз етеді, бала мұндай ортада басқа балалармен өзара қарым-қатынаста ойынға қажет дағдыларын дамыта алады.

Бала ойын ережелеріне сәйкес іс-әрекеттерді ұғынып алған соң, ойынды өз бетінше бастап, басқалардың көмегінсіз өзі аяқтай алатын болады.

3. Нақты шекаралары мен ережелері жоқ, бала қалағанын жасайтын еркін ойын. Бұл ойынның маңыздылығы балалардың өзара қарым-қатынасын дамытуымен байланысты. Еркін ойын балалардың талқылау, проблеманы шешу, қақтығыстардың алдын алу, келісімге келу және т.б. қарым-қатынас дағдыларын қалыптастырады

Қазіргі таңда біздің алдымыздағы үлкен міндет жас буынды болашақ өмірдің дамуына бейімдеп, еңбек етуге тиісті деңгейде білім беріп, балалардың бойына қажетті дағдыларды қалыптастыру. Бұл мәселе білім беру саласында қазіргі дамыған және дамушы мемлекеттердің идеялогиялық жағынан аса маңызды мән беретін тақырыпқа айналды. Білім сапасының мемлекеттің болашағына жол ашатын, тұрақтылығына негіз болатындай қуатты күші бар екенін барша сауатты адамдар жақсы біледі. Ендеше 4К моделі деген не? Балабақша балалары үшін қаншалықты қажетті? Қолдану тиімділігі неде?— деген сұрақтарға жауап іздеп көрейік. 4К модель бұл баланың бойындағы шығармашылдығы, қарым-қатынасы, ынтымақтастықты орната білуі, топпен жұмыс жасай алуы. Осы орайда, мектепке дейінгі білім беру ұйымының тәрбиешілері күнделікті балаларда жоғарыда аталған дағдыларды қалыптастыру үшін қарқынды жұмыс жасау қажет. Ендеше 4К моделінде көрсетілген дағдалар балаға не береді?

Біріншіден, шығармашылық (креативтілік) — өзгермелі жағдайларда өзін сенімді ұстап, дәстүрлі емес шешімдерді қабылдай алуға, жағдаятты әр тұрғыдан бағалауға мүмкіндік береді. Сондай-ақ, басқа адамдардың бастамаларын дамытып, жетілдіре алу қабілеті қалыптасады.

Екіншіден, қарым-қатынас (коммуникативтілік) — ойлауда, сезінуде, қарым-қатынас жасауда, икемділік -сондай-ақ іс-әрекеттің жеке түрлерінде, бірегейлілігі; — жеке тұлға немесе оның жеке жақтарын; — бөлшектерді қосу арқылы жетілдіру қабілеті, мәселені шешу қабілеті, яғни талдау қабілеті қалыптасады.

Үшіншіден, командалық жұмыс балаларды бір-біріне жолдастық, адами тұрғыдағы қарым-қатынас дамиды, ынтымақтастық құзыреттілігі қалыптасады.

Төртіншіден, сыни ойлау арқылы балалар ақпараттар ағынын бағдарлай алу, себеп-салдарлық байланыстарды көре алуы, қажетсіз ақпараттарды електен өткізіп қорытындылау, қажетті жағдайда шешім шығарып, өзінің жетістіктері мен сәтсіздіктерінің себептерін түсіне алу дағдылады қалыптасады.

Тұжырымдай келе, бала біздің ертеңгі еліміздің болашағы. Жаңа заман баласын қалыптастырып, дамыту үшін тұлғаның ішкі дүниесі мен оның қырсырын анықтап, мүмкіншіліктері мен қабілетінің дамуына жағдай жасау қажет. Біздің балабақшамызда балаларға үздіксіз білім беруде барлық жағдай қарастырылған. Балабақшада балалардың жеке басының қалыптасуы мен дамуына педагогтардың педагогикалық технологияларды қолдана білу сауаттылығы өте жоғары. Заман талабына сай әр педагог өз оқу қызметін жанаша ұйымдастырып, шығармашылық ізденіспен өткізе, баланы дұрыс, орынды сөйлеуге үйретсе, оны үйретуде түрлі практикалық жолдарымен байланыстыра алса елбасының тапсырмасын сөзсіз орындайды.

Апта күндері	Ойын түрлері	Тақырыбы	Смарт мақсат	ресурстар
1 апта	Тәрбиеші жетекшілігімен жүргізілетін Сөздік ойын	Бак және бакша «Жемістермен көкіністерді ажырат»	Балалар жемістермен көкіністерді қайда өсетінін біледі, әңгімелеп айтады.	Бак пен бакша мәкәті, Жемістер мен көкіністер
2 апта	Құрылымдалған Үстел -үсті ойын	«Жыл мезгіліне сай киімдерді орналастыр»	Балалар жыл мезгіліне сай киімдерді біледі, әңгімелеп айтады..	Мазмұнды суреттер, карточкалар
3 апта	Еркін Заттық ойын.	«Кіріпге жемістерді жинауға көмектесеміз»	Балалар екі топқа бөлініп, жарысады.кірпінің үстіне жемістермен көкіністерді жіппен өткізу арқылы жұмыс жасайды, әңгімелеп айтады.	Кірпі, және жемістер мен көкіністер
4 апта	Тәрбиеші жетекшілігімен жүргізілетін Сөздік ойын	«Қай мезгілде киеміз?»	Балалар сурет бойынша қойылған сұраққа жауабын айтады.	Мазмұнды суреттер

Апта күндері	Ойын түрлері	Такырыбы	Смарт максат	көрнекіліктер
1 апта	Тәрбиеші жетекшілігі мен жүргізілетін Сөздік ойын	Табиғаттын кереметі.	Балалар табиғаттын бөліктері салынған үлестірмелі материалдар таңдап алып, солардың атынан сөйлеп, оларды не істей алатыны жөнінде әңгімелеп айтады.	мазмұнды суреттер
2 апта	Құрылымдалған ойын	«Үй жануарлардың даусын ажырат»	Таспадан үй жануарлар дауыстарын ажыратып айтады.	Үнтаспа, мазмұнды суреттер
3 апта	Еркін Заттық ойын.	«Кіріпге жемістерді жинауға көмектесеміз»	Кіріпге кандай жемістер керек екендігін біледі, Жемістердің аттарын айтады. қызығушылықпен жұмыс жасайды.	Піннурок. Кіріп және жемістермен көкіністер
4 апта	Тәрбиеші жетекшілігі мен жүргізілетін дид. ойын	Енесін тап, төлін тап	Слайдтан немесе шағын карточкадан енесін төлін ажырата біледі.	ІТ қолдану. Немесе ресурстар

Апта күндері	Ойын түрлері	Тақырыбы	Смарт мақсат	Ресурстар
1 апта	Тәрбиеші жетекшілігі мен жүргізілетін Заттық ойын.	«Ғажайып қашық»	Балалар қашықтықын ішіндегі көкіністермен жемістерді сипап сезу арқылы айтады.	Ғажайып қашық, көкіністермен жемістер.
2 апта	Құрылымдалған Үстел – үсті ойын	«Жыл мезгіліне сай киімдерді орналастыр»	Балалар жыл мезгіліне сай киімдерді әңгімелеп айтады. Киімдердің аттарын біледі.	Мазмұнды суреттер, Карточкалар
3 апта	Тәрбиеші жетекшілігі мен жүргізілетін Сөздік ойын	Көлік түрлері «Жер, су, ауа»	«Жер, су, ауа да болатын көліктерді әңгімелеп айтады.	IT қолдану. Немесе ресурстар
4 апта	Еркін Заттық ойын	«Дала құстарымен үй құстарды ажырат»	Балалар дала құстарымен үй құстарды ажыратып әңгімелеп айтады.	Дала құстарымен үй құстарды карточкалар.

Желтоқсан айы

Апта күндері	Ойын түрлері	тақырыбы	Смарт мақсат	ресурстар
1 апта	Тәрбиеші жетекшілігі мен жүргізілетін Заттық ойын.	«Үннен жасалатын тағамдарды ата»	«Үннен жасалатын тағамдарды біледі, аттарын айтады»	Ресурстар
2 апта	Еркін Үстел – үсті ойын	Ертегілерді құрастыру. (Пазл)	Берілген қиынды ертегілерді құрастырып, шыққан ертегіні әңгімелеп айтады.	Мазмұнды суреттер,
3 апта	Тәрбиеші жетекшілігі мен жүргізілетін Сөздік ойын	Шыршаны безендіреміз	Балалар жана жыл туралы айтады, шыршаны бояумен безендіруді біледі.	АКТ – IT ақпараттық технологиясы қолдану
4 апта	Тәрбиеші жетекшілігі мен жүргізілетін затты ойын	Бөлмені ойыншықтардан жинастырамыз	Балалар ойыншықтар туралы әңгіме айтады, ойын арқылы ойыншықтарды жинастыру жұмыстарын жасайды.	АКТ – IT ақпараттық технологиясы қолдану.

Кантар айы

Апта күндөрү	Ойын түрлөрү	тақырыбы	Смарт максат	ресурстар
1 апта	Құрылымд алған ойын	“Жандіктер әлемі”	Жандіктер туралы айтады, олардың аттарын біледі	АКТ – IT ақпараттық технологиясы колдану. Немесе үстел –үсті ресурстармен
2 апта	Еркін Заттық ойын	«Су асты әлемі»	Су астында нелер мекендейтін біледі, қармақпен аулау арқылы әңгімелеп аттарын айтады.	Қармақтар мен балықтар ойыншығы.
3 апта	Тәрбиеші жетекшілігі мен жүргізілетін Сөздік ойын	«Жабайы және үй жануарлары қайда мекендейді»	Жабайы және үй жануарлары қайда мекендейтінін біледі, олардың аттарын атап Әңгімелеп айтады.	АКТ – IT ақпараттық технологиясы колдану. немесе үстел –үсті ресурстармен
4 апта	Тәрбиеші жетекшілігі мен жүргізілетін Сөздік ойын	«Жер шары»	Жер шарында кімдер нелер, болатынын туралы біледі, айтады.	Доп

Апта күндері	Ойын түрлері	тақырыбы	Смарт мақсат	ресурстар
1 апта	Еркін Заттық ойын	«Ақкала» «Кұрастырамыз»	Қыс мезгілі туралы біледі, әнгіме айтады, пішіндерден ақкала жасайды.	Мазмұнды суреттер,
2 апта	Тәрбиеші жетекшілігі мен жүргізілетін Сөздік ойын	«Сөзді аяқта»	Балалар қыс мезгілі туралы біледі.сөзді аяқтап айтады.	Мысалы: Далада(қар жауып тұр) Балалар.....(шанамен ойнап жүр) Адамдар(жылы киінген)..... Ойын осылай жалғаса береді.
3 апта	Құрылымд алған заттық ойын	Аңдар немен коректенеді.	Аңдардың қысқы тіршілігі туралы айтады, олардың корегін біледі.	АҚТ – IT ақпараттық технологиясы, несесе үстел – үсті ресурстар. жұмсақ ойыншықтар, тағамдары.
4 апта	Тәрбиеші жетекшілігі мен жүргізілетін Сөздік ойын	«Сөзді аяқта»	Балалар қыс мезгілі туралы біледі,сөзді аяқтап айтады.	Мысалы: Далада(қар жауып тұр) Балалар.....(шанамен ойнап жүр) Адамдар(жылы киінген)..... Ойын осылай жалғаса береді.

Наурыз айы

Апта күндері	Ойын түрлері	тақырыбы	Смарт мақсат	ресурстар
1 апта	Тәрбиеші жетекшілігі мен жүргізілетін Сөздік ойын	«Сөйлемді жалғастыр»	Сөйлемді толық әңгімелеп айтады. Мыс: Көктемде-----күн жылынды Күстар-----оралды. Қар----- ериді	Мазмұнды суреттер,
2 апта	Тәрбиеші жетекшілігі мен жүргізілетін Сөздік ойын	«Жер шары»	Жер шарында кімдер нелер, болағанын туралы біледі, айтады.	Доп
3 апта	Еркін Заттық ойын	«Асық» ойыны «Бес тас» ойыны	Қазақтың ұлттық ойыны туралы біледі, айтады.	Асықтар.
4 апта	Құрылымдалған заттық ойын	Әдемі гүлдер.	Балалар даға гүлдердің түрлерін біледі, аттарын айтады. «мазайкадан гүл құрастырады.	Даға гүлдері Мазайка

Апта күндері	Ойын түрлері	тақырыбы	Смарт мақсат	ресурстар
1 апта	Тәрбиеші жетекшілігі мен жүргізілетін Заттық ойын	Әлемі дала гүлдері	Дала гүлдері туралы біледі жасырынған гүлдердің аттарын атайды.	Дала гүлдер карточкалар
2 апта	Тәрбиеші жетекшілігі мен жүргізілетін Заттық ойын	«Қандай гүл жасырынды»	Балалар жасырынған бөлме гүлдерін айтады.	Бөлме гүлдер суреттері
3 апта	Құрылыс мдалған ойын	«Жәндіктер әлемі»	Жәндіктер туралы айтады, олардың аттарын біледі	АКТ – IT ақпараттық технологиясы, несесе үстел – үсті ресурстар.
4 апта	Тәрбиеші жетекшілігі мен жүргізілетін Сөздік ойын	Сөйлемді жалғастыр»	Сөйлемді толық жалғастырып айтады. Мыс: Көктемде-----күн жылынды Құстар-----оралды. Қар----- ериді	Мазмұнды ресурстар

Мамыр айы

Апта күндері	Ойын түрлері	тақырыбы	Смарт мақсат	ресурстар
1 апта	Тәрбиеші жетекшілігі мен жүргізілетін Сөздік ойын	«Жер шары	Жер шарында кімдер нелер, болағынын туралы біледі, айтады.	Доп, мазмұнды суреттер
2 апта	Тәрбиеші жетекшілігі мен жүргізілетін Сөздік ойын	Табиғаттың кереметі.	Балалар табиғаттың бөліктері салынған үлестірмелі материалдар тандап алып, солардың атынан сөйлеп, оларды не істей алатыны жөнінде әңгімелеп айтады.	мазмұнды ресурстар
3 апта	Еркін сөздік ойын	«Жер шары»	Жер шарында кімдер нелер, болағынын туралы біледі, айтады.	доп
4 апта	Еркін Заттық ойын	«Асық» ойыны «Бес тас» ойыны	Қазақтың ұлттық ойыны туралы біледі, айтады.	Асықтар